

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**  
**Тарих, археология және этнология факультеті**  
**Археология, этнология және музеология кафедрасы**

**МАГИСТРАТУРАНЫҢ БАРЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ**  
**МАМАНДЫҚТАРЫНА АРНАЛҒАН «ҒҰН-САРМАТ**  
**АРХЕОЛОГИЯСЫ» ПӘНІ БОЙЫНША**  
**ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

АЛМАТЫ, 2020

«ҒҰН-САРМАТ АРХЕОЛОГИЯСЫ» пәні бойынша емтиханға магистратураның оқу бағдарламасы мен оқу жоспарының талаптарына сай оқу үдерісін аяқтаған магистранттар жіберіледі.

Емтихан нәтижелері бойынша қанағаттандырылмаған баға алған магистр әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Академиялық саясатына сай бекітілген ережелердің негізінде емтиханды қайта (жазғы семестрды оқиды) тапсырады.

«Ғұн-сармат археологиясы» пәнінің мазмұнына арналған негізгі талаптар:

Оқыту процесі археологиялық материалдар базасы мен жазба деректердегі мәліметтердің негізінде жүргізіледі. Курсты оқыту барысында магистранттарға ғұн-сармат тайпаларының негізгі ескерткіштерін, олардың этно және мәдени генезисінің жаңа концепцияларын, осы мәдениеттердің келесі кезеңдердегі мәдениеттермен байланыстылығын таныстыру басты жолға қойылады. Олар ерте темір дәуірінің екінші кезеңімен және ондағы қордаланған мәселелермен толыққанды танысып шығады. Курстың мақсаты: ғұн-сармат тайпаларының тарихы мен мәдениетін оқыту, археологиялық мәдениеттерімен таныстыру.

Оқу нәтижелері:

1. әлемдік археология ескерткіштерін сыни талдау, ретроспективті, салыстырмалы-тарихи және де басқа да ғылыми зерттеу әдістерін қолдана отырып, күрделі мәселелерін қарастыру;
2. Қазақстан археологиясы негізінде өтіп жатқан кезеңнің адамзаттың әлемдік-тарихи дамуымен байланыстыра көрсетуге дағдылану;
3. әлемдік археология тәжірибесін қолдана отырып Қазақстан археологиясының кезеңдері мен олардың тарихи негіздерін білу;
4. осы дәуірге жататын артефактілерді зерттеу әдіснамасын меңгеру;
5. күрделі тарихи үдерістерді, құбылыстарды және қазіргі әлемдік археологтар қызметін оқытуда аналитикалық және аксиологиялық талдаулар жасау дағдысын меңгеру;
6. Қазіргі кезеңдегі археологияның дамуы мен рухани негіздерін айқындауға көмектеседі.

## ЕМТИХАН СҰРАҚТАРЫ

1. Пәннің мақсаты мен міндеттері туралы не айтасыз?
2. Пәннің басқа пәндермен байланысын сипаттаңыз
3. Пәннің зерттеу әдістері мен тәсілдерін көрсетіңіз
4. Әлемдік тарихнамадағы пәннің орнын анықтаңыз
5. Кеңестік заманда пән бойынша зерттеу жүргізген ғалымдарды атаңыз
6. Батыс Еуропа тас ғасырын сипаттаңыз
7. Пәннің археология саласындағы орнын нақтылаңыз

8. Тәуелсіздік жылдарында пән бойынша зерттеу жүргізген ғалымдарды атаңыз, еңбектерін талдаңыз
9. Пәннің жаратылыстану ғылымдарымен байланысын ашып көрсетіңіз
10. Пәннің мақсаты мен міндеттерін сипаттаңыз
11. Пәннің зерттеу нысанын, географиялық шегін, хронологиялық шеңберін сипаттап беріңіз
12. Пәннің практикалық маңызын бағамдаңыз
13. Пәннің теориялық-методологиялық негізін жасаңыз
14. Пән бойынша зерттеу жұмыстарын кезеңдерге бөліңіз
15. Пәннің отандық археологиядағы маңызын талдаңыз
16. Ғұндардың тарихнамасын жазып шығыңыз
17. Хунну мәдениетінің тарихын баяндаңыз
18. Шығыс Қазақстанның Құлажорға ескерткіштерін суреттеңіз
19. Хуннулардың археологиялық ескерткіштерін жазыңыз
20. Орталық Қазақстандағы Қорғантас типіндегі археологиялық ескерткіштерін талдаңыз
21. Хуннулардың зерттелу тарихын жүйелеңіз
22. Қазақстандағы үйсін археологиялық мәдениетін зерттеу мәселесінің тарихнамасына тоқталыңыз
23. Қаратал кезеңіндегі үйсіндердің археологиялық ескерткіштерін сипаттаңыз
24. Сақ-үйсін байланыстылығы тұжырымын негіздеуге талпыныңыз
25. Жетісу кезеңіндегі үйсіндердің археологиялық ескерткіштерін сипаттап беріңіз
26. Нойинулин қорғандарын сипаттап кетіңіз
27. Іле кезеңіндегі үйсіндердің археологиялық ескерткіштерін суреттеңіз
28. Үйсіндердің шаруашылығы мен мәдениетін жүйелеңіз
29. Қазіргі кезеңдегі Үйсіндердің этногенетикалық мәселелерін талдап шығыңыз
30. Қазақстандағы қаңлы археологиялық мәдениетінің зерттелу тарихнамасын бір ізге түсіріңіз
31. Отырар-Қаратау мәдениетінің ескерткіштерін талдаңыз
32. Оңтүстік Қазақстандағы қаңлы археологиялық ескерткіштерін сипаттап шығыңыз
33. Қауыншы мәдениетінің ескерткіштерін суреттеңіз
34. Оңтүстік Қазақстандағы қаңлы ескерткіштерінің пайда болу тұжырымдарын жүйелеңіз
35. Жетіасар мәдениетінің ескерткіштерін сипаттаңыз
36. Қаңлы мемлекетінің тарихы мен мәдениетін суреттеп кетіңіз
37. Батыс Қазақстандағы сармат археологиясының зерттелу тарихнамасын бір ізге түсіріңіз
38. Прохоров мәдениетін саралаңыз
39. Материалдарды жинақтау және сармат археологиялық мәдениетінің алғашқы кезеңдерін атап, суреттеңіз
40. Сулов мәдениетін сипаттаңыз

41. Шилов мәдениеті туралы баяндаңыз
42. Ғұн-сармат заманындағы миграцияларды жүйелеңіз
43. Сарматтардың шаруашылығы, қоғамдық құрылымы, тұрмысын суреттеңіз
44. Ғұн-сармат ескерткіштерін кезеңдері және хронологиясы мәселелерін зерттеген еңбектерді жүйелеңіз
45. Қаңлылардың шаруашылығы, әлеуметтік ұйымдастырылуы, заттай мәдениеті туралы баяндаңыз